

**БЕКІТІЛГЕН**

«Еуразиялық Сайда Жүйесі» тауар биржасы»  
акционерлік қоғамының  
Директорлар Кеңесімен  
(21.04.2009 ж. №6 Хаттама)

(«Еуразиялық Сайда Жүйесі» тауар биржасы»  
акционерлік қоғамының  
Директорлар Кеңесімен  
бекітілген толықтыруларды ескере отырып,  
21.09.2009 ж. №17 Хаттама)

**«Еуразиялық Сайда Жүйесі» тауар биржасы»  
акционерлік қоғамының**

**МҮШЕЛІГІ ТУРАЛЫ ЖАҒДАЙ**

**АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ, 2009 жыл**

Осы Мүшелік туралы Жағдай Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Еуразиялық Сайда Жүйесі» тауар биржасы» акционерлік қоғамының Жарғысы мен ішкі құжаттарына сәйкес жасалынған және мүшелік, Биржа мүшелері мен талапкерлеріне қойылатын жалпы талаптар, өтініш беру мен оларды қарау, Биржа мүшелігіне қабылдау мен мүшеліктен шығару, мүшелік жарналарды төлеу, Биржа мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін қамтитын сұрақтарды реттейді.

## **I Бөлім. Жалпы жағдайлар**

### **1 Бап. Терминдер мен анықтамалар**

1.1. Осы Биржа Мүшелігі туралы Жағдайдың мақсаттары үшін (ары қарай - Жағдай) егер текст мәтінінен басқаша арнайы түсініктеме шықпаса, келесі түсініктер мен терминдерды мынадай мазмұнда қолданады:

**Ішкі құжаттар** – Биржа Жарғысы (оған енгізілген толықтырулар мен өзгертулермен бірге), Биржаның жарғылық мақсаттары мен міндеттерін қамтамасыз етуге бағытталған бекітілген құзыреттер мен бағыттарға сәйкес қабылданған Биржа басқармасының органдырының жағдайлары, ережелері, шешімдері.

**Заңнама** – Қазақстан Республикасының әрекет етуші заңнамасы, оның ішіне Қазақстан Республикасының Конституциясы, барлық заңдары, заңға бағынышты актілер, нормативті-құқықтық актілер, Құзіретті органның актілері кіреді.

**Талапкер** - Биржа мүшелігіне кіруге ниеті бар, ол туралы өтініш білдірген, және сол үшін Жағдаймен бекітілген әрекеттерді жүзеге асырған заңды тұлға.

**Трейдер** – Биржа жүйесіндегі Саудаларда Биржа мүшесі (Талапкер) атынан мәмле жасауға құқылы (құқылы болатын), Биржа мүшесінің (Биржа мүшелігіне кіруге Талапкердің) жұмыскері.

**Биржа секциясының Мүшесі** – Биржаның белгілі бір секциясының мүшесі – заңды тұлға.

**Биржа мүшесі** – Биржаның бір немесе бірнеше мүшесі.

1.2. Жағдай мақсаттары үшін Биржаның ішкі басқа құжаттарында осы баптың 1.1. тармағының жағдайларына қайшы келмейтін түсініктер, терминдер, анықтамалар мен/немесе түсініктемелер қолданылады.

## **II Бөлім. Биржада мүшелік**

### **2 бап. Биржада мүше болуға қатысты жалпы жағдайлар**

2.1. Заңнамаға сәйкес тауар нарығының қатысушысы ретінде әрекет ете алатын, Биржаның ішкі құжаттарын мойындап, оларды іске асыратын заңды тұлға Биржа мүшесі бола алады.

2.2. Биржа мүшелігі келесідей Секцияларда жүзеге асуы мүмкін:

- Шаруашылық өнім сату Секциясында;
- Мұнай өнімдерін сату Секциясында;
- Металлдарды сату Секциясында;
- Мерзімдік нарық Секциясында.

2.3. Биржа Секцияларындағы мүшелікті беру – сату немесе жалға беру жолымен жүзеге асады.

### **3 бап. Талапкерлерге қойылатын талаптар**

3.1. Талапкер келесідей талаптарға сай болуы керек:

- a) Құқықтық қабілеттілікке ие болып, Биржа мүшелігіне кіру туралы өтініш беру күніне дейін кемінде заңды тұлға ретінде 1 (бір) жыл әрекет етуі;
- b) Заңнамаға сәйкес акционерлік қоғам немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестік ретінде тіркелуі тиіс;
- c) Төлем қабілеттілігінің болуы мен Биржа мүшелігіне кіру туралы өтініш беру күніне дейінгі қаржылық жыл мен есептік квартал бойынша салықтық қарызын болмауы;
- d) Банкроттық пен тарату процедурасына түспеген болуы керек;
- e) Талапкердің лауазымды тұлғалары соңғы 3 (үш) жыл ішінде қылмыстық әрекетке және соңғы 6 (алты) ай бойына әкімшілік жауаптылыққа тартылмаған болуы тиіс және оларға қаржылық ұйымдарда басшылық жүргізуші қызметтермен айналысуға тыйым салынбауы тиіс.

#### **4 бап. Биржа мүшелігіне кіруге қажетті құжаттар**

4.1. Талапкер Биржаға келесідей құжаттарды тапсыруы қажет:

- a) Талапкердің басшысы немесе өкілетті тұлғамен қол қойылған, Биржа директорлар Кеңесінің Төрағасының атына жазылған өтініш;
- b) заңды тұлғаның тіркелуі туралы куәліктің, құрылтай құжаттарының (өтініш беру сәтіне әрекет ететін өзгерістер мен толықтаруларды қоса), статистикалық карточканың, салық есебіне тұру туралы куәліктің нотариалды түрде куәләндырылған көшірмелері;
- c) Құзырлы мемлекеттік органның тіркеу туралы белгісі бар Жарғының нотариалды куәләндырылған көшірмесі;
- d) Құрылтай шартының нотариалды куәләндырылған көшірмесі;
- e) Талапкердің басшысының сайлануын (тағайындалуын) растайтын құжаттың нотариалды куәләндырылған көшірмесі немесе Талапкер мөрімен расталған көшірмесі;
- f) Талапкердің соңғы есептік датасына тапсырылған қаржылық есебі мен Заңнамамен бекітілген Талапкердің өкілетті жұмыскерлерімен қол қойылған және мөрмен расталған есептік қосымшалар;
- g) Биржада сауда-саттық Қатысушыларына орнатылған өз капиталының нормативінен төмен емес мөлшердегі талапкердің өз қаражатынын барын растайтын құжат;
- h) тауар нарығында брокерлік және/немесе диллерлік қызметті жүзеге асыру құқығын жүзеге асыруға лицензияның нотариалды куәләндырылған көшірмесі;
- i) Биржа мүшесінің анкетасы (Жағдайға № 2 Қосымша);
- j) Талапкердің қолының және мөр баспасының үлгілері бар карточканың нотариалды куәләндырылған көшірмесі;
- k) Талапкердің Трейдерлерінің тізімі (Жағдайға № 3 Қосымша);

4.2. Биржа Секциясының мүшелігіне Биржаның басқа Секция (Секциялар) мүшесінің кірген жағдайында 4.1. баптың b, c, d, e, f, g, h, i, j, k тармақтарындағы құжаттарды қайта тапсыру керек емес.

#### **5 бап. Биржа Секциясының мүшелер саны**

5.1. Биржа Секциясының мүшелерінің ең көп мөлшері Биржаның Директорлар кеңесінің шешімімен анықталады.

#### **6 бап. Биржа мүшелігіне қабылдау туралы шешім шығару тәртібі**

6.1. Жағдаймен анықталған құжаттарды Талапкерден қабылдаған соң, Жағдаймен анықталған құжаттар тапсырылған күннен кейінгі 14 (он төрт) күн (бұл уақыт аралығы Биржа Басқармасының шешімімен өзгере алады) ішінде Биржа Талапкердің қойылған талаптарға сәйкестігін тексереді. Егер берілген ақпарат

шешім қабылдауға жеткіліксіз болса немесе қосымша тексеру керек болса аталған мерзім сондай мерзімге ұзартыла алады.

6.2. Құжатта көрсетілген ақпараттарды тексеру шегінде, Биржа Талапкер кеңсесіне өзінің өкілін жалпы Талапкер жұмысының ұйымдастырылуымен танысу үшін жіберуге құқылы. Биржа Талапкердің талаптарға сай екенін анықтау үшін қосымша ақпарат беруді талап етуге құқылы.

6.3. Талапкерді тіркеу барлық талаптарға сай тексерулерден кейін жүргізіледі

6.4. Биржа мүшелеріне қойылатын барлық талаптарына сай болмауына байланысты немесе тексеруге қажетті қосымша ақпараттар мен құжаттарды уақтылы өткізбегендігі үшін Талапкерді тіркеуден Биржа бас тарта алады. Тіркеуден бас тарту туралы шешімге Биржа директорлар Кеңесінде Талапкерге ол жайлы хабарлаған күнен 30(отыз) күн ішінде шағым келтіріле алады.

6.5. Тіркеуден бас тарту туралы (себепті көрсете отырып) Биржа Талапкерге ауызша, Талапкердің сұрауы бойынша - жазбаша хабарлауға міндетті.

6.6. Талапкерді тіркеген соң, Биржа мүшелігіне кіретін тұлға туралы ақпаратты, Биржа Секциясының мүшелері Биржа Басқармасына Талапкерге және оның іскери беделіне қатысты пікірлерін жібере алуы үшін, Талапкер мүше болатын Секцияның Ақпараттық Тақтасында жариялайды. Егер Басқарма Талапкер туралы кері ақпарат алса, Биржа берілген ақпараттарды тексеріп, Биржаның директорлар Кеңесінің қарауына береді.

6.7. Басқарма Төрағасы Талапкерді мүшелікке қабылдау туралы сұрақты Биржа Директорлар Кеңесінің кезекті отырысына қояды. Биржа Секциясына мүшелікке қабылдау туралы шешім Директорлар Кеңесінің отырысында қатысқандардың көпшілік дауысымен қабылданады.

6.8. Директорлар Кеңесінің Төрағасымен кеңесе отырып, Директорлар Кеңесінің отырысына Талапкердің басшылығының өкілі және кері пікір білдірген Биржа мүшесінің өкілі шақырылуы мүмкін.

6.9. Егер Директорлар Кеңесімен басқаша көрсетілмесе, Биржа директорлар Кеңесінің шешімі қабылданған күннен бастап күшіне енеді.

6.10. Биржа Секциясының Мүшелерімен Биржамен бекітілген нысан бойынша куәләк беріледі.

6.11. Талапкерді Биржа Секциясының мүшелігіне қабылдаудан бас тартылса, Талапкер Биржа Секциясының мүшелігіне кіру туралы өтінішпен 1 (бір) айдан ерте емес уақыт аралығында қайта шағымдануы мүмкін. Биржаның Секциясының мүшелігіне қабылдаудан қайтадан бас тартылса Талапкер Биржа Секциясының мүшелігіне кіру туралы өтінішпен 1 (бір) айдан ерте емес уақыт аралығында қайта шағымдануға құқылы.

## **7 бап. Биржа мүшелерінің құқықтары мен міндеттері**

7.1. Биржа мүшелері құқылы:

- Биржаның ішкі құжаттарына сай Биржаға тиесілі Сауда-саттықты жүзеге асыруға қажетті техникалық құралдар мен жүйелерді қолдануға;
- Биржаға Биржалық мақсаттар мен міндеттерді орындауға байланысты сұраныстармен шағымдануға
- Биржаның ішкі құжаттарына мен Директорлар кеңесінің шешімдерінде көрсетілген тәртіпте және жағдайларды Биржамен өз мүшелеріне берілген қызметтерді пайдалануға
- Биржаның бір немесе бірнеше Секциясының мүшелігінен шығуға
- Биржаның ішкі құжаттарымен бекітілген басқа да құқықтарға ие болуға

7.2. Биржа Мүшесі міндетті:

- Заңнаманың талаптары мен Биржаның ішкі құжаттарының талаптарын орындауға;
- Биржаның басқа мүшелеріне, үшінші тұлғаларға қатысты қарым қатынаста Биржаның қағидаларын, ережелерін, кәсіби қызметтің стандарттары мен әдебін сақтап, Биржаның сауда-саттықты ұйымдастырушы ретіндегі қызметін қамтамасыз ететін барлық операциялық қызметтерді жүзеге асыруға;
- Өздерінің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің кәсіби дайындығын және кәсіби дайындықтың санатының көтерілуін қамтамасыз етіп;
- Биржада жасалған мәмлелер бойынша және Заңнама мен Биржаның ішкі құжаттарына негізіндегі өздерінің міндеттерін қажетті түрде орындауға;
- Биржаның ішкі құжаттарымен анықталған құрам бойынша уақтылы ақпарат беруге;
- Биржаға тиесілі мүліктерді қолдануда артық әрекеттер жасамай, оларға қатысты басқа да адал емес қылықтар көрсетпеуге, соның ішінде Биржада мүше болу арқылы алынған және Биржаның ішкі құжаттарымен ерекше құпия ақпараттар санатына жатқызылған мағлұматтар мен қызметтік/коммерциялық құпияны үшінші тұлғаларға рұқсатсыз жариялауға тиым салынады;
- Директорлар Кеңесінің, Биржаның басқа да органдары мен лауазымды тұлғаларының, Биржа ішкі құжаттарымен бекітілгендей орындауға міндетті шешімдерін міндетті деп санап, оларды орындауға;
- сауда-саттық операцияларын жүргізу кезінде, Саудадағы мәмілелерді орындау кезінде пайда болуы мүмкін дауларды шешетін төрелік комиссиялардың құзыретін тануға;
- Жағдай мен Биржаның басқа да құжаттарымен бекітілген тәртіпте уақтылы мүшелік және басқа да жарналарды төлеуге;
- квартал сайын, есептік кезеңнен кейінгі айдың он бесінші жұлдызынан кеш емес уақытта Биржаға қаржылық есеп беруге;
- Биржаны өз әкімшілік құқықбұзушылықтары туралы, оның қызметкерлері мен аффилиирлық тұлғаларының құқықбұзушылықтары туралы жылдам хабарлауға;
- Биржаға өз трейдерлерінің құрамы жайлы ақпарат беруге және ондай ақпараттарды бермегені немесе уақтылы бермегенінің зардаптары үшін жауапкершілікті болуға;
- Биржа Мүшесінің жарғылық капиталда 5 және одан жоғары пайызы бар акционерлеріне (қатысушыларына) қатысты акционерлер (қатысушылар) құрамының өзгеруі туралы хабарлауға;
- Биржа ішкі құжаттарымен бекітілген басқа да міндеттерді атқаруға.

## **8 бап. Биржада мүшелікті тоқтату**

8.1. Биржадағы мүшелік Биржаның бір немесе бірнеше Секциясынан өз еркімен шығу, Мүшелер құрамынан шығарып тастау немесе Жағдай мен Биржа ішкі құжаттарымен бекітілген басқа жайттар негізінде тоқтатылуы мүмкін.

8.2. Биржаның әр бір Мүшесі Биржаның бір немесе бірнеше Секцияларының құрамынан алдын ала ол туралы Биржа Басқармасына жазбаша хабарлама беріп шығуға құқылы және ол құқысын Биржа Мүшелігінен шығарып тастауға негіз және жарналар мен басқа да төлемдер бойынша қарыздар болмаған жағдайда іске асыра алады.

Ондай жағдайда Биржаның Секциясының Мүшесі мүшеліктен шығу туралы өтініш берілген айдың соңғы жұмыс күнінде Биржа Секциясының Мүшесі деген жағдайын жоғалтады.

8.3. Биржаның Секциясының бірі немесе бірнешеуінің Мүшелігінен шығарып тастау Биржаның Директорлар Кеңесінің шешімі негізінде жүзеге асады. Мүшеліктен шығарып тастауға негіз болады:

- a) Мүшелік жарналарды немесе басқа да міндетті салымдар мен төлемдерді уақтылы төлемеу;
- b) Заңнаманың нормалары мен Биржаның ішкі құжаттарын бұзғаны үшін Биржа Секциясының Мүшесін бірнеше рет (екі және одан да көп рет) уақытша сауданың Секциясындағы (ол мүше болып табылатын Секциядағы барлық сауданың Секцияларында) Биржа сауда-саттығынан шеттету;
- c) Бірнеше рет (екі және одан да көп рет) аталған сауда Секциясының (ол мүше болып табылатын Секциядағы барлық сауданың Секцияларында) Саудасында жасалған мәмле бойынша міндеттемелерді орындамау;
- d) Биржа ішкі құжаттарымен бекітілген басқа да міндеттерді адал орындамау;
- e) Биржа мүшесінің заңды тұлға ретінде таратылуы;

8.5. Директорлар Кеңесі бір немесе бірнеше Секциядан Мүшеліктен шығару туралы сұрақты Биржа Басқармасының ұсынысы бойынша қарастырады;

8.6. Директорлар Кеңесінің Төрағасымен келісе отырып, Директорлар Кеңесінің отырысына мүшеліктен шығаруға ықтимал Биржа Мүшесінің өкілі шақырыла алады;

8.7. Шешім Биржа Директорлар Кеңесінің мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады. Егер өзгеше көзделмесе, Биржа Секциясына (Секцияларына) мүшелік шешім қабылданған сәттен бастап тоқтатылады;

8.8. Биржа Секциясына (Секцияларына) мүшеліктен шығару туралы Директорлар Кеңесінің шешімі жайлы хабарлама сондай шешім қабылданған күннен кейінгі күннен кеш емес мерзімде жіберіледі. Биржа Секциясының Мүшесі алдында Саудада жасалған мәмілелер бойынша құқықтары мен міндеттерін сақтап қалады;

8.9. Директорлар Кеңесінің шешімі соңғы болып табылады және оған Заңнамаға сәйкес шағым келтіріледі;

8.10. Биржа Мүшелігінің құрамынан шығарылған заңды тұлғалардың, Биржаның мүлкіне өткен Биржаға жарна және басқа да төлемдер ретінде төленген ақшалай қаражаттарды қайтаруды талап етуге құқығы жоқ. Сонымен қатар, олар Биржадағы Мүшелігіне байланысты шығындарды, Биржа қызметі үшін төленген төлемдерді де қайта талап етуге құқысыз;

8.11. Тауар нарығындағы брокерлік/диллерлік қызметке құқық беретін лицензияның әрекетінің тоқтата тұрылуы (мерзімінің өтуі) жағдайында, Биржаның барлық Секциясындағы мүшелік Директорлар кеңесімен лицензияның әрекетінің қайта жандануына дейін тоқтатылады;

8.12. Лицензияның әрекетінің тоқтата тұрылуы туралы хабарлама алған Биржа Мүшесі 1 (бір) күн ішінде Биржаға сол жайт туралы хабарлауы тиіс. Биржадағы мүшелік Биржамен лицензия әрекетінің жандануы туралы хабарламаның көшірмесін алған күннің келесі Жұмыс күн қайта қалпына келеді.

### **III Бөлім ЖАРНАЛАР МЕН БАСҚА ДА ТӨЛЕМДЕР МЕН АЛЫМДАР**

#### **9 бап. Жарналар**

9.1. Биржа Секциясына Мүшелікке төленетін алдын ала жарна Биржа Тарифтарымен анықталады. Алдын ала жарна Биржа Мүшесімен шот негізінде төленеді. Алдын ала жарнаны төлеу шот алынған күннен 10 (он) жұмыс күні ішінде көрсетілген соманы Биржаның есептік шотына аудару арқылы жүзеге асады. Алдын ала жарна банктегі Биржаның шотына ақшалай сомалардың түскен күні

төленген болып есептеледі. Алдын ала жарнаның төленбеуі Биржа Секциясының Мүшелігінен шығарып тастауға негіз болады.

9.2. Биржаның Директорлар Кеңесі алдын ала мүшелік жарналардың төлену тәртібін анықтап, мөлшерін өзгертуге, сонымен қатар мүшелік жарнаға жеңілдіктер жасауға және олардың төлену жағдайлары мен талаптарын анықтауға құқылы.

9.3. Биржаның жарғылық мақсаттарын шешу үшін Директорлар Кеңесі осы баптың 9.1. тармағында көрсетілген жарналардан басқа қосымша мүшелік жарналарды бекітуге құқылы. Қосымша мүшелік жарналарды енгізу туралы шешім қабылданған күні күшіне енеді.

#### **IV БӨЛІМ. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

##### **10 бап. Жағдайға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

10.1. Биржа Жарғысының ережелеріне қайшы келмейтін, Жағдайға толықтырулар мен өзгертулер Директорлар Кеңесінің және оның мүшелерінің немесе Биржа Басқармасының ұсынысымен енгізілуі мүмкін.

10.2. Биржа Жарғысының ережелеріне қайшы келмейтін, Жағдайға толықтырулар мен өзгертулер Биржа Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу тәртібінде немесе олармен қатар жүзеге асуы мүмкін.